

Н. Аскерхан*, Б.Ж. Жусупова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: xnurgulan@mail.ru, Zhusupova2013@mail.ru)*

Мутакаллимдер түсіндірмесіндегі фатализм мәселесі

Мақаланың қамтитын негізі мәселесі VII ғасырда пайда болған Ислам дінінің көршілес өңірлерге тарай бастауы салдарынан қоғамдағы ғылыми және тарихи көзқарастардың қалай қалыптасқандығы, соның ішінде тағдыр мәселесін егжей-тегжейлі баяндауға бағытталған. Сол ғасырлардағы араб фәлсәфасы мен мутакаллимдері арасында туындаған бірқатар мәселелер және салдарынан пайда болған үлкен де кішігірім топтардың көзқарастары, атап айтқанда: тағдыр мен адам еркіндігінің мәселесінде туындаған джабариттер, қадариттер, муғтазилиттер және ортодоксалды ашари мен матурудиттер жайлы. Авторлар мақалада араб әлемінде фаталистік көзқарастардың қалай пайда болғандығын және кімдер арқылы пайда болғандығын, тағдыр мәселесі бойынша түрлі топтардың қандай көзқарастарды ұстанып және сол постулаттарға неліктен тоқтағандығы жайлы, әрбір топтың атауының қайдан бастау алатындығы, фатализм мен адамның таңдау еркіндігі арасындағы байланыстың қайсы ақиқатқа сай екендігі, ашариттік мектеп мен матурудиялық мектеп арасындағы келіспеушілік туралы, ашариттік мектептің «еркіндік сезімі» жайлы теориясы, Құдайдың бұйрығына бағыну мен қарсы шығуға қатысты тағдырдың өлшеулігі немесе адамның іс-әрекетін ұштастыру мен оның өзекті сұрақтары төңірегінде таласы жайлы, ақиқатқа жету жолында мутакаллимдер қолданатын ақылдың үш әдісі және рационалистік қағидалардың түсіндірмесі жөнінде, ақиқатқа жету жолында қасиетті кітапқа сүйене отыра, рационалистік ережелерге қарама-қайшылықтың болмау қажеттігі жөнінде, әлемдегі материялардың пайда болуы мен қозғалысы өлшемді түрде болса оның салдарынан қандай тұжырымдардың пайда болғандығы жайлы сөз қозғаған.

Кілт сөздер: фатализм, ашаризм, матрудизм, рационализм, Кәләм ілімі, мутакаллимдер, тағдыр, еркіндік, мәжбүрлік, таңдау.

Kipicne

XIII ғасырда араб-мұсылмандық қоғамында пайда бола бастаған Кәләм ілімі өзінің ішіне түрлі мәселелерді қамтыған болатын. Жалпы ислам әлемі қарқынды дамуымен ислам постулаттары мен өзге елдердің мәдениеті өзара байланыса бастап, құдайтану, дінтану тақырыптарында көптеген полемикалар орын ала бастады. Пайда болған түрлі мәселелерге қатысты Құранның постулаттарын түсіндіру барысында ақылды алға қоятын және мәселедегі ақиқатқа жету жолы логикалық принциптерге негізделінген түсіндіру жүйесі қалыптасты. Бұл мектептерді Кәләм ілімінің мектептері деп, ал оның жүйесін меңгеріп пайым жасаушыларды мутакаллимдер деп атады. Мутакаллимдер қарастырған көптеген мәселелердің бірі — Құдайдың қалауы мен адамның таңдау еркіндігіне қатысты болды. Мәселе төңірегіндегі тағдыр, қадар түсінігі негізі полемикалық сұрақ.

Тағдыр бойынша адамның барлық амалдары мен ойлары, орын алып жатқан және болашақта болатын оқиғалардың барлығын Құдай өлшеп, өзгермейтін етіп жаратып қойған. Мұсылманның міндеті — сол жазмышқа бой ұсынып Құдайдың абсолюттігін түсінуі керек. Алайда барлық нәрсе тағдырға жазылған болса, «адамның таңдау еркіндігі болмағаны ма?» деген сұрақ туындайды. Мұндай абсолютті түрде барлық оқиғаның анықталып қойғандығы туралы түсінікті ғылыми, философиялық тілде фатализм деп атайды. Фатализм деп — болмыста болатын әрбір істің мүлтіксіз бір сценариймен мәжбүрлі түрде жүретіндігі, ал осы сәтте сол болатын барлық істің өзекті түрде жүзеге асып көрініс табуын айтады.

Зерттеу әдістері

Жалпы философиялық әдістер, эвристикалық және ретроспективті талдау, синтез, аналогия, дедукция, индукция, проблемаландыру, тарихи әдіс, абстракция әдісі қолданылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: xnurgulan@mail.ru

Талқылау

Мутакаллимдер өз түсіндірмелерінде де фатализмге қатысты резонансты сұрақтарға жауап беруге тырысты. Нәтижесінде тағдыр мен таңдау еркі мәселесінде бірнеше концепциялар қалыптасып, олардың әрқайсына сол идеяларды түсіндіруші тұлғаның атауы берілген мектептер қалыптасты. Ол мектептер ашариттер, матурудиттер, асариттер, муғтазилиттер, кадариттер, джабариттер атауларына ие болды. Жалпы түрде алғанда бұл мектептердің барлығын мутакаллимдер үш үлкен топқа жіктейді: аһлю-сунна, қадария, джабария топтары.

Аһлю-сунна деп — сенім постулаттары рационалистік аргументтер мен Құранға ешқалай қарсы келмейтін топты атайды, топ атауының мағыналай аудармасы қарапайым сөзбен жеткізсе тура жолды ұстанушылар, адаспағандар деген ұғымды өзіне қамтиды. Жалпы, түрлі сенім мектептерін үлкен үш топқа бөлудің негізі олардың фундаменттік ұқсастығында жатыр.

Джабаризмнің алғашқы өкілі болып Джаад ибн Дирхам саналады. Джаад ибн Дирхам Хорасанда дүниеге келген, содан кейін Дамаскіге қоныстанған. Джабарит ағымы Басрада Омейядтар басшылығының кезінде пайда болды. Джабарит ағымының негізін қалаушы Джаад ибн Дирхам бұл ұстанымға түсуіне себепкерлер жайлы Ибн Асакир және басқа да тарихшылардың хабарлауынша, ол өз көзқарасын Баяна Ибн Самаъаннан алған, ал ол өз кезегінде оны бір кездері сиқыршы болған және пайғамбарға сиқыр жасағысы келген Лабид ибн әл-Асамның әпкесінің ұлы Талуттан үйренгендігі жайлы хабарлайды. Джаад ибн Дирхам Дамаскіде болған кезінде алғаш рет «Қасиетті кітаптың жаратылғандығы» туралы новаторлық (бидғат) идеяларын жариялады. Салдарынан Омейяд билеушілері оны қудалай бастаған соң ол қауіпсіздігі үшін алаңдап Куфаға (Ирак қаласы) көшуге мәжбүр болды. Сонымен қатар Куфаға көшкен соң ол өзінің болашақ ізбасары және исламдағы басқа джахмизм деп аталатын ағымның болашақ негізін салушы Джахм ибн Сафванмен танысады. Сонымен қатар Джаад Ибн Дирхамның тағы бір танымал ізбасары ретінде Омейяд халифатының болашақта соңғы халифасы болатын Марван ибн Мұхаммед немесе лақап аты «Марван Әл-Джаад» болды. Алайда Джаад Ибн Дирхам Куфада ұзақ пана таба алмады және Ирактың Омейяд губернаторы 724 жылы Джаадтың бүлікшілдік көзқарасы үшін өлім жазасына кескен болатын [1; 57]. Жалпы өз алдында бұл топтың атауы араб тіліндегі «джабр» сөзіне, яғни «мәжбүрлеу» сөзіне байланысты қойылған. Джабаризмнің негізі концепциясы бойынша «барлық нәрсені жаратушы тек қана Құдай екендігіне еш күмән жоқ, сәйкесінше адамның ойлары да, іс-әрекеттері де Құдайдың жаратқаны, адам баласы желге ұшқан жапырақ сияқты ешқандай еркі де жоқ, ерікті сезбейді де», — деп түсіндіреді. Яғни заманауи тілмен айтқанда адам тек робот сияқты, робот бағдарламасына жазылған аядан шыға алмайтындығы сияқты адам баласының да маңдайына әрбір іс-әрекеті мен ойлары жазылып қойған, одан қашып құтыла алмайды, адам өзін мүлдем еркін сезінбейді деп санайды. Джабаризм тобының өкілдері кейінірек келе джахмиттер, наджжариттер, дирариттер деген үш топқа бөлініп кеткен болатын. Джахмиттер — Ибн Дирхамның ілімін дамытқан Джахм ибн Сафванның ізбасарлары. Джахмиттер Жұмақ пен Тозақ мәңгілік емес деп есептеді және Жұмақта адамдардың Құдайды көруі мүмкіндігіне ие болатындығын жоққа шығарған болатын, сонымен қатар олар да муғтазилиттер тобы секілді Құранды жаратылған деп есептеді. Ал наджжариттер болса Әл-Хусейн әл-Наджжардың ізбасарлары болып табылады, олар адамның «иемдену» қабілеті мен «иемдену әрекетін» Құдай жасайды деп сенді, алайда адам іс-әрекетінің себепкері өзі болып табылады деп сенеді.

Джабаризм тобының ұстанымына қарама-қарсы топ — кадариттер. Кадаризмнің алғашқы өкілі болып Маабад аль-Джухани саналады. Кадаризм ілімі VII ғасырда Иракта пайда болды. Кейбір деректерге сәйкес бұл ілімді бұрын христиандық сенім негізінде болған бір тұлғаның құрғандығы жайлы ақпараттар кездеседі. Кадаризмнің алғашқы үлкен идеологтары Маабад аль-Джухани және Ғайлан ад-Димашқи. Маабад аль-Джухани болса сол замандағы патшаның Ирактық орынбасары әл-Хаджадж ибн Юсуфтің бұйрығымен өлім жазасына кесілсе, ал Ғайлан ад-Димашқи Халифа өлім жазасына кесілді. Омейядтар кезінде кадариттер кең тарала бастады, әсіресе бұл ұстанымның жақтаушыларының көпшілігі исламға дейінгі кезеңде дуализмнің жақтаушылары болған және де екі субстанциялық принциптердің, яғни жақсылық пен жамандықтың күресі жайлы көзқарасты мойындайтын тұрғындардан құралған болатын. Жалпы өз алдында топтың кадариттер аталуы себебі — араб тіліндегі «кудра» сөзіне, яғни «құдірет, күш» сөзіне байланысты қойылған. Бұл топтың түсінігінде тағдыр деген ұғым жоқ, адамдар өз істерін өздері жасайды, істерін өздері жаратады, адам баласы абсолютті түрде тәуелсіз жаратылыс деп санайды. Құдай адам баласының не істейтіндігін

білмейді, не істегендігі жайлы ақпаратты тек адам оны орындаған кезінде ғана оны Құдай біледі, оған дейін оның білімінде бұл туралы хабар болмайды деп сенеді. Бұлардың екінші тармағы болса «құдай ол әрекеттерді біледі, бірақ оларды тоқтата алмайды, адамның еркіне араласа алмайды» деген ұғымды ұстанады. Яғни, адам баласы өз тағдырын өзі жасаушы, оның дүниеге келуімен оның бойында өз әрекеттерін жарататын күдіреті бірге келеді деп сенеді. Атап өткендей, қадариттер джабариттерге толықтай қарама-қарсы ұстанымдағы топ өкілдері болып саналады. Алайда бұл екі топ өкілдері де мутакаллимдердің түсінігі бойынша адасушы және мұсылман емес кәпір топтар болып саналады. Қадариттердің «бәрін өзіміз құдайдан тәуелсіз жаратамыз» деген түсінігіне сай, олардың Құдайдан тәуелсіздігін жариялағаны үшін діннен шыққан бұзғыншы топ болып санайды. Ал джабариттерді діннен шығару себебі — олардың өздерін еркісіз санағандықтан Құдайдың бұйырған амалдарын істеуге өздерін міндетті емеспіз деп сенеді, яғни, Құдай адамға бұйрықтарын орындамауды қалаған болса, адам оларды істей алмайтындығы үшін адамда ешқандай жауапкершілік пен міндет жоқ, сол үшін парыз амалдары жоқ деп Құран аяттарындағы бұйрықтардан бас тартқан, сәйкесінше оларды діннен шыққан топ ретінде қарастырады. Джабаризм мен қадаризмнің қарсыластығынан дәстүрлі мұсылман теологиясында нәтижесі «иемдену» (касб) тұжырымдамасы пайда болды. «Касб» тұжырымдамасының мәні екі әрекет етуші барлығымен байланысты деп түсіндірілді, яғни барлық іс-әрекеттер мен процестерді жаратушы Құдай, ал сол заттарды өзіне ерікті түрде қабылдап иемденуші адам деген түсінік қалыптасты, алайда бұл анықтама «касб» терминінің жалғыз анықтамасы ғана болып табылмайды.

Бірінші кезекте тағдыр, фатализм мәселесінде аһлю-суннаның мутакаллимдердің ақиқатқа жету үшін ақылдың үш категориясы жайлы концепцияны ұсынады. Бұл категориялар рационализм әдісін қолданады, яғни абсолютті ақиқатты орнату негізінде қадағалаушының бар-жоғынан тәуелсіз, болмыстың заңдылығына сай нәтиже шығару әдісі. Аталмыш үш категория: міндетті, мүмкін емес, мүмкін категориялары деп аталады. Қысқаша түсіндіргенде, міндетті категориясына: бір заттың бір сәтте бар болуы және жоқ болуы мүмкін еместігі, екі санына екі санын қосқанда төрт болатындығы, логикадағы силлогизм әдісінің ережелері және т.б. түсініктер кіреді. Ал дәл осыған қарама-қарсы заттар, яғни бір заттың бір сәтте бар да жоқ та болуы, екіге екіні қосқанда төрт болмауы және т.б. абсурды заттар жайлы ұғымды мүмкін емес категориясына жатқызады. Ал үшінші мүмкін категориясына ақылдың пайымдарына қарсы келмейтін әртүрлі жағдайға сыйымды түсініктер жатады, мысалы адамның ұзын немесе қысқа болуы, әлемнің бар болуы немесе болмауы және т.б. абсурдты емес ұғымдар. Осы категориялардың негізінде тағдыр мәселесіне де қатысты үкімдер жасалады [2; 176].

Фатализм мәселесін талқыламас бұрын себеп пен салдар жайлы ережені де қарастырып өту қажет. Ақыл пайымдарына, болмыстың фундаменталды сипатына сәйкес — бір нәтиженің екі себебі болуы мүмкін емес категориясы жатады. Мысал ретінде, екі қаламмен бір сызықты салу мүмкін емес категориясына да жатады. Себебі, бір қалам салған сызық келесі қалам салған сызықтың жалғасы болады, яғни дәл сол сызық болмайды немесе ол сызық бірінші сызықтың үстінен салынады, яғни ол қабаттасып салынған екі сызық. Қарапайым осы мысалдың төңірегінде рационалистік көзқарасқа сәйкес екі себеп бір нәтиже бермейтіндігі нақты бекітіледі. Мутакаллимдер түсіндірмесінде әрбір нәрсе өзінің пайда болуына жалғыз фундаменталды себептің әсерінен ғана болатындығын дәлелдеудің басқа да мысалдары бар, алайда біз ережені түсіндіруге осы мысал да жеткілікті болды.

Келесі кезекте әлемдегі түрлі материялар мен олардың қасиеттері, адамның іс-әрекеті және ойлары, ішкі қалаулары, талпыныстары талқыланады. «Аталмыш заттар бар нәрсе ма, жоқ нәрсе ма?» – деген сұрақ қойылады. Сәйкесінше бар нәрселерге жатады. Демек ол нәрселер бар болса, олардың түпкі себебі бір ғана негізден басталатынын ақыл пайымдары орнатады. Нәтижесінде, адам баласының барлық әрекеттері, әр сәттегі ойлары — Құдайдың жаратқаны болып саналады. Құдаймен қатар себепкер болып адамның өз ішінен ойларының пайда болуы мүмкін емес категориясына жатады. Яғни, өмір адамның өз қолында емес, оның өмірі мен іс-әрекеттері бір ғана себепкердің, яғни Құдайдың тағдырға жазғаны болған, джабариттер түсінігіндегідей адамның роботтан айырмашылығының болмауы. Дәл осыдан ары қарай аһлю сунна мен джабариттердің бөлінетін жері анықталады. Джабариттер «адамда ешқандай еркіндік те, еркіндіктің сезім жоқ» десе, аһлю-сунна «адамда ешқандай еркіндік жоқ, алайда адамда еркіндіктің сезімі бар» дейді [3; 58]. Яғни, джабариттер адамның бойындағы априорлы сезімін, нақтырақ айтқанда өз әрекеттерін адам өзі істеп жатқандағы сезімін жоққа шығарады. Ал аһлю-сунна адамның шүбәсіз бойындағы бар сезімін елемей қоймайды. Адамның бойындағы бұл еркіндікті емес, еркіндіктің сезімін, еркіндіктің дәмін келесі

мысалмен түсіндіреді: егер адамның қолын біреу келіп көтерсе және де адам өз қолын өзі көтерсе — екеуінің арасындағы сезім айырмашылығын әрбір есті адам түсінеді. Адам өз қолын өзі көтеріп жатқандағы априори сезімге мутакалимдер «еркіндіктің сезімі», арабшасында «кудрат хадис» деген атау береді. Джабариттер мен аһлю-суннаның екіге бөлінетін жері осы, джабариттер априори бар сезімді жоққа шығарса, аһлю-сунна мутакаллимдері анық сезімді жоққа шығармайды.

Жалпы тағдыр мен фатализм мәселесі үлкен топқа жіктеп қараса, аталған үшеуі қарастырылады. Алайда, үңіліп зерттеуге кіріскенде ішкі мәселелелері тармақталған мектептердің позициясын көруге болады. Осы тұста муғтазилиттердің концепциясы көрініс табады. Муғтазилиттердің түсінігінде, Құдай — тек жақсылықты жаратушы, адамның тек жақсы амалдары мен ниеттерін жаратады, ал жамандықты адамның өзі жаратады, нақтырақ айтқандай Құдай адам баласына жамандық та, жақсылық та жарата алатын күш берген, сәйкесінше қиямет күні орын алатын адам амалдарының есепке тартылуы әділдіктің көрінісі болып табылады дейді. Муғтазилиттердің кадариттерден негізгі айырмашылығы — кадария өкілдері адам бойындағы құдірет пен еркіндік оның бойында туғаннан бірге пайда болады және Құдай оны кетірте алмайды десе, муғтазила өкілдері адам бойындағы ол құдіретті Құдай қалаған сәтінде алып ала алады дейді. Жалпы муғтазилиттердің адамның Құдайдан тыс еркі мен құдіреті бар деуі түбінде әділдік мәселесіне келіп тіреледі. Себебі барлық затты Құдай жаратқан десе оның ішінде адамның жақсы да жаман әрекеттерін Құдай жаратқаны, сәйкесінше адам баласы амалдарынан сұралуы бос нәрсе, сонымен қатар адам өзіне қаламаған затты Құдай тағдырына жазса ол әділетсіздік жасағаны, сонымен қатар әлемде жамандық атаулыны жасай алатын адамға құдірет бергені де әділетсіздіктің таралуына нышан деп түсіндіреді. Осы тұста контраргумент ретінде аһлю-сунна муткаллимдері әділдік ұғымының мазмұнын талқылауға шақырады. Мәселені шешу үшін әділетсіздік ұғымы өз алдында барлық мағынаны қамти алатын анықтама берілуін қажет етеді. Муғтазилиттік кәләмның гүлденуі IX ғасырдың бірінші жартысында орын алды. VIII ғасырда муғтазилиттер шииттермен бірігіп Омейядтарды құлатуға ат салысты, салдарынан 750 жылы Аббасидтерді билікке келуіне үлкен үлес қосты. Жаңа билік әулеті алдымен муғтазилиттерге өте суық көзқараста болды, алайда Халифа Әл-Мамунның (813-833ж.) тұсында муғтазилиттердің беделі арта түсіп, жағдайлары жақсарды, тіптен муғтазилиттердің кейбір өкілдері мемлекеттің жауапты қызметтерінде жұмыс атқара бастады, муғтазилиттердің қызметі басқа оларға қарсылас сарай ішінде орны бар рационалистік ойшылдардың қызметімен бірге мемлекет тарапынан қолдауға ие бола бастады. Нақты Әл-Мамунның кезінде муғтазилиттер ислам әлемінде қысқа уақыт ішінде үстем доминантты ілімге айналды. Бұл ұстаным халифа Әл-Мутасим мен әл-Васиктің кезінде де сақталды, бірақ Әл-Мутауаккил таққа отырғаннан кейін муғтазилиттер қайтадан қудалана бастады. Осы жағдайларда кәләмды заңдастыру әрекетін Абу-л-Хасан әл-Ашари (873-935) жасады. Ол өзінің атымен аталған қаламның жаңа мектебінің негізін қалаушы болды. Кейінірек келе ашаризмнің ең ірі өкілдері әл-Бақилләни, әл-Джувейни, аш-Шахрастани және Фахруддин ар-Рази ашариттік көзқарастың нақтыланып жүйелі орнығуына әсер етті.

Муткаллимдер түсінігі бойынша әділдік деген — бірі субъект екінші субъектінің иелігіндегі затты меншік құқығынсыз қолдануы. Яғни екінші субъекттің мал-мүлкі, қаражаты, жаны, отбасы, абыройы және басқа зат заттары бірінші субъектіге тиесілі емес, сәйкесінше бірінші субъект екіншіге қатысты шектен шығу әділетсіздік деп аталады. Сәйкесінше әділетсіздік өз иелігіндегі емеске қол сұғу болса, әділеттілік өзіне тиесілі затты иемдену болады. Ал барлық заттардың, барлық жаратылыстардың негізгі иесі жалғыз Құдай болғаны себепті, Құдай әділетсіздікпен ықтималды түрде де сипатталмайтыны белгілі болады. Құдайдың өз иелігіндегі заттарды қалай қойса да құзіреті бар болғандығы үшін оның әрекеттері әділ болғандығы. Сәйкесінше адамның басына жамандық келсе де ол Құдайдың әділеттілігі деп түсіндіріледі. Сәйкесінше муғтазилиттік тағдыр әділетсіздігі түсінігі орынсыз екені айқындалады.

Келесі кезекте аһлю-сунна мектебінің өз ішінде тағдыр мәселесінде келіспейтін мектеп өкілдері де бар. Ашарит және матуридит мектептері көптеген ұқсастықтарға ие болғандықтан мұсылман әлемінде кең таралды. Олардың рационалистік көзқарастары мұсылман теологиясының дамуына үлкен үлес қосты және бүгінгі күнге дейін бірқатар мұсылман елдеріндегі ғалымдардың қолдауына ие доктрина жүйесі болып табылады. Жалпы алғанда, Матарудиттік мектеп халифат астанасынан алыс Самарқанды өңірінде пайда болуы себепті қолда бар дайын және қалыптасқан исламдық постулаттарды ақыл негізінде түсіндірді және сол үшін ол мектеп өз алдында Кәләмға «кіріспе» мектебі ретінде өз орнын тапты десек болады. Ал Ашариттік мектептің тұжырымдамалары болса тереңдетілген Кәләммен айналысты және «ақыли дәлелдер исламға әкеледі» деген тұжырым

бойынша ақылдың бірінші кезекте тұрып оның дінге әкелетіндігін ұстанды. Ашари және матуруди мектептерінің негізі бөлінетін жері адамның таңдау еркі мәселесіне келеді. Бірінші назарға алу керек зат ол — Ашари мен Матуруди мектептерінің екеуі де аһлю-сунна болып табылады, яғни шарият негізінде канондық ережелерге сай топ өкілдері. Екеуінің де негіздері мен сенім жүйесі өте ұқсас. Екеуінің арасында екінші дәрежелі мәселелерде оншақты өзгешелік бар, кейбір өзгешеліктерді тіпті қарама-қарсылық деуге келмейді, мысалы «Құдай қиямет күні адамдардың денесін қайтадан жарата ма, әлде бұрынғы денелерін қайта қалыпқа келтіре ме?» деген сынды мәселелер. Алайда дәл таңдау екі мәселесінде көпшілік матуруди ғалымдарының ақылы пайым бойынша және шарияттық мәтінге сәйкес келмейтін тұжырымда болған. Бірінші, Матуруди мектебі таңдау мәселесі бойынша не дейді соны айтайық: Матурудилік мутакаллимдер айтады: «Адамның құдіреті де, таңдауы да жоқ. Алайда егер адамның өзінде таңдау еркі болғанда оның не таңдайтындығын Құдай білді. Және сол біліміне сай адамның тағдырын жазды», – дейді [4;103]. Яғни адамда таңдау еркі жоқ, алайда адамда таңдау еркі потенциалды түрде болған сценарий бойынша Құдай сол таңдауларды оның тағдырына жазған деген теория.

Алайда бұл теория рационалдық ережелерге сәйкес келмегендіктен ашари мутакаллимдері контраргументтер айтқан болатын, олар: 1) Таңдау жасау үшін таңдаушының өзі бастаусыз болуы керек, нақтырақ айтсақ басталусыз таңдау еркі болуы керек. Себебі адам бір нәрсені таңдауы үшін, ол сол нәрсені таңдауға таңдау жасауы керек. Ал ол таңдауды жасатқан таңдау қайдан пайда болды? Бір нәрсені таңдау үшін соны таңдаймын деген таңдау болуы керек. Мұндай жағдай аяқталмалы дәрежелерден тұратын шексіз тізбекке әкеліп соқтырады. Ал аяқталмалы дәрежелерден тұратын шексіз тізбек актуалды түрде орын алмайтын абсурдты категориядағы, тек теориялық ұғым болып табылады... Ондай болса адамның таңдау еркі бастаусыз деген сөз айтуға тура келеді. Ал әрбір бастауы жоқ нәрсенің өзі құдай болуы керек деген заңдылық бар. Сәйкесінше адамның таңдайтындай таңдау мүмкіндігінің жоқтығы түсінікті болады. 2) Егер де Құдай адамның не таңдайтынын білген десек, онда Құдайдың білімі жоқ нәрсені бар деп біледі деген сөз шығады. Себебі матуруди мектебінің тұжырымында таңдау еркі ақиқатында жоқ зат, ол тек болғанда қандай болар еді деген теориялық түсінікті қамтиды. Жағдай солай болғанда онда Құдай жоқ нәрсе жайлы оны бар нәрсе деп санағандығы. Ал бұл деген Құдайдың білімі ақиқатқа сай емес деген сөз. Өйткені Құдай жоқ нәрсені бар деп санап қате білімде тұрған болады. Ал Құдай ондай болуы мүмкін емес категориясына кіреді. «Егер де адамның таңдауы болған жағдайда» деген сөз «Құдайдың соңы жоқ, алайда егер Құдайдың соңы болғанда, Ол өзінің соңы қандай екенін білуші еді» деген тұжырыммен бірдей болғандығы. Сол себепті адамның жоқ таңдауын Құдай біледі деп тұжырымдау логикалық қателік болып саналады.

Келесі кезекте тағдыр мәселесінде қозғалатын тақырып бәрін Құдай жаратып қойған болса, Құдайдың бұйырған бұйрықтары мәнін жоғалтады, себебі барлығын тағдырға сол Құдай өзі жазып қойған делінеді. Яғни адамдардың әрекеттері мәнсіз, себебі адамдардың ойларын да іс-әрекеттерін де Құдай жаратты, ал адам баласына бұйырылған әмірлер мен тыйым салынған ережелер абсурдты болғаны ма деген сөз шығады. Мутакаллимдердің жауабы келесідей болды: бірінші кезекте адам істеген істері оның қайда бара жатқанының көрінісі ғана белгілері болып табылады [5; 66]. Күнәлі істер — бұл болашақта жазаға ұшырайтындардың осы өмірдегі белгілері, индикаторлары, ол күнәлі істер адамның Тозаққа кіруіне әсер етуші де емес, себепші де емес. Сауапты істер болса — бұл марапатталушылардың белгілері, индикаторлары, ол сауапты істері адамның Жұмаққа кіруіне әсер етуші де емес, себепкер де емес. Яғни адамдар күнә жасағаны үшін Тозаққа бармайды, керісінше Тозақтық болғандары үшін күнә жасайтын болады, сол сияқты адамдар жақсы істері үшін Жұмаққа кірмейді, керісінше Жұмаққа кіретін болғандары үшін сол жақсы істерді істейтін болады. Яғни адамдардың амалдары олардың болашағынан белгілер, хабар берушілері болып табылады және бұл Құдайдың солай болады деп орнатқан тәртібі. Адамның бойындағы осы белгілерді өзгерте алатындай еркіндік сезімнің бар болуы үшін адамға амал етулері бұйырылған және сол үшін де Құдайдың бұйрықтары мәнсіз болғаны ма деген мәселенің жауабы беріледі.

Нәтижелері

Қарастырылған мәселе бойынша келесідей нәтижелер шығаруға болады. Біріншіден, фатализм мәселесіне қатысты араб ойшылдарында негізгі үш бағыттағы мектептер қалыптасқан еді, олар: толық мәжбүрлілік посутлаттарын алға тартатын джабариттік мектеп өкілдері, толық еркіндіктің посутлаттарын алға тартатын кадариттік мектеп өкілдері және осы екеуінің ортасын ұстанатын аһлю-сунналық ашариттік және де матурудиттік мектеп өкілдері. Ал аһлю-сунналық мектеп ішінде

ашариттік мектеп өкілдері мен матурудиттік мектеп өкілдері деп екіге бөлініп қарастырылатын тармақта олардың өзара келісімге келе алмайтын адамның таңдау еркі мен таңдау сезіміне қатысты негізгі мәселеде екендігі көрсетіліп өтілді. Рационалистік тұрғыдан алғанда ашариттік мектеп өкілдерінің аргументтері логикалық тұйықталуға әкеліп соқпайтындығы, ал матурудиттік мектептің постулатындағы қарама-қайшылықтың шешілмегендігі анықталды. Сонымен қатар адам әрекеттерінің қазіргі және болашақ кезеңмен байланыстылығы, адам әрекеттерінің болмысын белгілердің қатарына қосып түсіндірілуі, ол аталмыш белгілердің адамдардың қандай категориясына қатысты екендігі түсіндірілді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, тағдыр мәселесі әрбір философияда, дінде айтарлықтар резонанс тудыратын мәселе, мутакаллимдер сол мәселелерді шешу үшін логикалық әдістерді және Құранның мәтіндерін сәйкестіре білген еді. Әрбір сынға ақылдың ережелеріне сай жауап бергендіктері үшін де үлкен дәрежеде Кәләм мектептері де қалыптасып, көптеген онтологиялық, философиялық сұрақтарға жауабын таба білді. Кәләм мектептерінің пайда болуына әсер еткен оқиғалар саяси оқиғалардың негізінде пайда болғанымен, ол қоғамдық өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналды. Қазіргі таңда рационалистік араб-мұсылмандық Кәләм мектебінің рөлі әлі де өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Кәләмдық апологетикалық тұжырымдамалар өз алдында кез келген топ өкілдеріне рационалистік сын айтып, пікірталас шеңберіне шақырады, мейлі ол атеистік топ өкілдері болсын де, ухабистік топ өкілдері болсын, ұстанымдарында ерте ғасырлардағы муғтазилиттік постулаттары бар өзге де топ өкілдері болсын оларды ашық диспут алаңына шақырып өз мүдделерін қорғауда. Рационализмді негізгі құрал ретінде қолданатын Кәләм ілімінің тұжырымдамалары танымдық ғылым әлеміне қосар үлесі зор. Адам баласы өмірдегі өз мәнін, өз рөлін түсінуге тырысатын тіршілік көзі болып табылады, сол үшін де адам өз физикалық қажеттіліктерінен бөлек метафизикалық, саналық, руханилық салалар арқылы дүниені тануға да тырысады. Сол дүниетанымның ішінде негізгі орын алатын түсініктер құдай, өмір, өлім, тағдыр, дұрыс бағыт, діндарлық болғандықтан жоғарыда көрсетілген постулаттарға кезігеді, сол жағдайға тап болған орта ғасырлық мутакаллимдер де, қазіргі ғасырлық ойшылдар да әр нәрсеге логикалық дұрыс және рационалистік әдіске негізделген тұшымды жауаптар алғысы келеді. Аталмыш мақала сол мектептердің және олар қолданатын әдістердің бір қырын түсіндіріп өтуге бағытталынды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ибрагим Т.К. Ал-Джабрийа / Т.К. Ибрагим, А.В. Сагадеев // Ислам: энциклопедический словарь. — М.: Наука, ГРВЛ, 1991. — 315 с.
- 2 Ибрагим Т.К. Калам / Т.К. Ибрагим // Новая философская энциклопедия: [В 4 т.]. — Т 1. — М.: Мысль, 2010. — 2816 с.
- 3 Али-заде А.А. Калам / А.А. Али-заде // Исламский энциклопедический словарь. — М.: Ансар, 2007. — 400 с.
- 4 Сагадеев А.В. Калам / А.В. Сагадеев // Классический ислам: традиционные науки и философия. — М.: Наука, 1988. — С. 47–84.
- 5 Фролова Е.А. История средневековой араб-исламской философии: учеб. пос. / Е.А. Фролова. — М.: ИФ РАН, 1975. — 175 с.

Н. Аскерхан, Б.Ж. Жусупова

Проблема фатализма в понимании мутакаллимов

Целью статьи является исследование процесса формирования взглядов на общественную жизнь, в том числе и на проблему судьбы человека, в регионах, подвергшихся влиянию ислама, зародившегося в VII веке. Проблема эта решалась в результате полемики между представителями исламской философии и мутакаллимами, что привело к образованию таких мусульманских течений, как джабариты, катариты, мутазилиты, ортодоксальные ашариты и матуридиты. Авторами статьи приведены сведения о том, как появились фаталистические взгляды в арабском мире, каких взглядов придерживаются разные идейные течения, группы по вопросу судьбы человека, и как они утверждаются в своих постулатах; откуда берет начало название каждого течения; как соотносятся идеи фатализма и свободы чело-

веческой воли и выбора. Статья повествует о разногласиях между ашаритской школой и школой матуриди, о теории «чувства свободы» ашаритской школы, об измерении судьбы по отношению к подчинению и неподчинению велению Бога; о споре об объединении человеческих действий и ее актуальных вопросах; о трех методах ума, используемых мутакаллимами, на пути к истине; о рационалистическом объяснении принципов мироздания, о пути к истине, о существовании и движении материи, не противоречащих Священной Книге.

Ключевые слова: фатализм, ашаризм, матрудизм, рационализм, учение Калама, мутакаллимы, судьба, свобода, принуждение, выбор.

N. Askerkhan, B.Zh. Zhussupova

The problem of fatalism in the understanding of mutakallims

The purpose of the article is to study the process of formation of views on social life, including the problem of human destiny, in regions influenced by Islam, which originated in the 7-th century. This problem was resolved as a result of polemics between representatives of Islamic philosophy and the Mutakallims, which led to the formation of such Muslim movements as the Jabarites, Hatarites, Mutazilites, Orthodox Asharis and Maturudis. The article talks about how fatalistic views appeared in the Arab world, what views are held by different ideological movements, groups on the issue of human destiny, and how they are affirmed in their postulates; where does the name of each movement originate from; How do the ideas of fatalism and freedom of human will and choice relate? The article talks about the disagreements between the Ash'ari school and the Maturidi school, the theory of the “sense of freedom” of the Ashari school, the measurement of fate in relation to submission and disobedience to the command of God; about the dispute about the unification of human actions and its current issues; about the three methods of the mind used by the Mutakallim on the path to truth; about a rationalistic explanation of the principles of the universe, about the path to truth, about the existence and movement of matter that do not contradict the Holy Book.

Keywords: fatalism, Ash'arism, Matruidism, rationalism, teachings of Kalam, mutakallimah, fate, freedom, coercion, choice.

References

- 1 Ibragim, T.K., & Sagadeev, A.V. (1991). Al-Dzhabriya [Al-Jabriya]. *Islam: entsiklopedicheskii slovar — Islam: encyclopedic dictionary*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Ibragim, T.K. (2010). Kalam [Kalam]. *Novaia filosofskaia entsiklopediia — New philosophical encyclopedia*. Moscow: Mysl, 1 [in Russian].
- 3 Ali-zade, A.A. (2007). Kalam [Kalam]. *Islamskii entsiklopedicheskii slovar — Islamic Encyclopedic Dictionary*. Moscow: Ansar [in Russian].
- 4 Sagadeev, A.V. (1988). Kalam [Kalam]. *Klassicheskii islam: traditsionnye nauki i filosofii — Classical Islam: traditional sciences and philosophy*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Frolova, E.A. (1975). *Istoriia srednevekovoi arabo-islamskoi filosofii [History of medieval Arab-Islamic philosophy]*. Moscow: IF RAN [in Russian].